



**Автор:** Жумабаева Зульвира Жанабаевна

**Пән:** Қазақ әдебиеті

**Сынып:** 8-сынып

**Бөлім:** Көркем әдебиет және эпикалық сарын

**Тақырып:** М.Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» поэмасы

|                                               |                                                                                                                                                                                     |
|-----------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | 8.2.2.1 автор бейнесі мен кейіпкерлер қарым-қатынасының тілдік көрінісін талдау                                                                                                     |
| Сабақтың мақсаты:                             | Поэма мазмұнымен танысып, өзіндік пікір жазу.                                                                                                                                       |
| Тілдік мақсаттар:                             | Эпилог, тәуіп, аракілдік, кәззап, байыз.                                                                                                                                            |
| Бағалау критерийлері:                         | <ul style="list-style-type: none"><li>Шығарма бойынша жазылған әдеби сын-пікірлерге сүйене отырып, өзіндік сыни пікір жазады.</li><li>Пікірін дәйектеме арқылы білдіреді.</li></ul> |
| Құндылықтарды дарыту:                         | "Мәңгілік ел" құндылығы: бейбітшілік пен келісім<br>Мектеп құндылығы: оқушылар арасындағы қарым-қатынас арқылы ынтымақтастық және шығармашылықты қалыптастыру                       |
| Пәнаралық байланыс:                           | Тарих, қазақ тілі.                                                                                                                                                                  |
| Бастапқы білім:                               | Махаббат және абырой                                                                                                                                                                |

### Сабақ барысы

| Сабақ кезеңдері               | Жоспарланған іс-әрекет                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           | Ресурстар                                                  |
|-------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------|
| Сабақтың басы<br>(5 минут)    | <b>1.Ұйымдастыру кезеңі:</b> Сәлемдесу. Сынып реттілігін қадағалау.<br>Оқушыларды түгелдеу. Оқу құралдарын байқау.<br><b>2. Психологиялық ахуал қалыптастыру:</b> Оқушыларды шеңбер бойымен тұрғызу. "Өрмекші торы" тәсілі арқылы жіпті бір-біріне лақтыру арқылы өткен сабақ бойынша қояды, жауап береді.<br><b>3.Ұй тапсырмасын тексеру.</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   | Оқулық, дәптер, қалам                                      |
| Сабақтың ортасы<br>(30 минут) | <b>Білу және түсіну.</b><br>Сұрақтарға жауап бер.<br>1.М.Мақатаев кім?<br>2.Қандай шығармаларын, өлеңдерін білесің?<br>3. Ақын қандай поэмалар жазған?<br>4.Ақын сөзіне жазылған қандай әндерді білесің?<br>5. Қандай әндерін жатқа білесіндер?<br><b>Қолдану. Жұптық жұмыс</b><br>"Ашық хат" тәсілі арқылы жазылған әдеби сын-пікірлерге сүйене отырып, өзіндік сыни пікір жазу.<br>1-жұп. "Мұқағали поэмасы - таңғы шықтай мөлдір, сырлы, мұңлы поэзия" - дейді Ф. Оңғарсынова.<br>2-жұп. "Ойын сиқырлы сөзбен айта білу, тапқыр ойды өрнекті тілмен жеткізе білу - Мұқағали өлеңдерінің негізі құдіреті".<br>3-жұп. "...Тіршіліктің тәттілігі мен ақиқаттың ащылығынан мейірі қанғанша дәм татқан қауымның өскелеңдігі мен өміршеңдігі де осында. Мұқағали халқымен бірге мәңгі өмір сүреді".<br><b>Дескриптор:</b> -ұсынылған пікірді өз сөзімен өрбітеді; -пікірді мысалмен дәлелдейді; -қорытынды жасайды. | А4 парағы жазылған сұрақтар<br>А4 парағына жазылған сөздер |

| Сабақкезеңдері             | Жоспарланған іс-әрекет                                                                                                                                 | Ресурстар     |
|----------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------|
| Сабақтың соңы<br>(5 минут) | <b>Кері байланыс</b><br>Жағымды пікір: (Не ұнады?)<br>Сындарлы сын: (Не нәрсені жақсарту керек?)<br>Келешекке арналған пікір: (Маған ұнады, бірақ....) | Кері байланыс |